22453669571

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылдың 12 наурызы №5930-25-00-2/385 Петропавл қаласы

Солтүстік Қазақстан облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.А.Жайжуманов, сотының ғимаратында оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Абдулкасимов» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыз айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Азаматтық процестік кодексінің 267-2, 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Чистопол ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Абдулкасимов» жеке кәсіпкерге тұрақсыз айыбын өндіріп алу және мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Абдулкасимов» жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жайжуманов Б. А., 12.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Жайжуманов Б. А., 30.04.2025
5930-25-3-1/313

«Абдулкасимов» жеке кәсіпкерден 15 552 (он бес мың бес жүз елу екі) тенге мөлшерінде мемлекет кірісіне тұрақсыздық айыбы өндірілсін

«Абдулкасимов» жеке кәсіпкерден 2 313 (екі мың үш жүз он үш) тенге мөлшерінде жергілікті бюджет кірісіне мемлекеттік баж өндірілсін

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Б.А. Жайжуманов**

Құжатқа қол қойылған: Жайжуманов Б. А., 12.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.04.2025, судья Жайжуманов Б. А., 30.04.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -